

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
Заң факультеті
6B04245 Құқықтану даярлау бағытының білім беру бағдарламасы бойынша
2-курс, ЗҚТ-411 тобымен өткізілген ашық-тәрбие семинарының
ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қ.

23.09.2025 ж.

Қатысқандар: Факультет деканы, PhD Қасымбек Әлия Орынбасарқызы, факультеттің ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары, PhD Ибраев Жандос Габитович, факультеттің оқу ісі жөніндегі орынбасары Турлыбеков Қайратбек Аманжолұлы, «Құқықтану» кафедрасының меңгерушісі, PhD Шалхаров Ернар Сайлаубекович, кафедраның профессор-оқытушылар құрамы, аға тәлімгер Баймахан Нұртас Саттарұлы, 2 курс ЗҚТ-411 топ эдвайзері Данишбаева Меруерт Сериковна және білімгерлері.

Арнайы қонақ:

Шымкент қаласының адвокаттар алқасының мүшесі, тәжірибелі адвокат – Көшербаева Гүлшат Нұрлыбекқызы

КҮН ТӘРТІБІНДЕ ҚАРАЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР:

**«Жемқорлықсыз болашақ»
атты ашық-тәрбие семинары**

Топ тәлімгері Данишбаева М.С. сөз алып, ашық-тәрбие семинарын ашып, бұл ұйымдастырылып отырған ашық-тәрбие семинарының мақсатына тоқталды. Бүгін біз бәрімізге ортақ, қоғам үшін аса өзекті мәселе – «Жемқорлықсыз болашақ» тақырыбын талқылаймыз. Жемқорлық – тек заң бұзушылық емес, ол әділдікке, дамуға және әрбір адамның мүмкіндігіне кедергі келтіретін үлкен әлеуметтік дерт. Біздің мақсатымыз – сіздерді кінәлау емес, қайта сіздердің бойларыңызда адалдық, әділдік, жауапкершілік сияқты қасиеттерді нығайту. Болашақ маман ретінде әрқайсыңыз қоғамға үлес қосасыздар. Егер біз әділетті, адал болсақ – еліміздің болашағы да таза болады.

Біздің таңдауымыз – жемқорлықсыз болашақ! Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір - біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай - қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлық барлық мемлекеттер мен халықтарға тән және терең ғасырлық тамыры бар. Біз өте күрделі кезеңде өмір сүріп жатырмыз, экономикалық реформалар мен дағдарыс кезеңі, трансформация уақыты. Зерттеулерге сәйкес, жемқорлық - теріс құбылыс. Бұл қоғамның негіздерін бұзады, дамуға қауіп төндіреді, мемлекеттік органдарға деген сенімділіктің төмендеуіне ықпал етеді және қоғамның экономикасы мен моралын бұзады. Бұл бізге байланысты - қай мемлекетте өмір сүреміз: адал немесе жемқор? Әлемдік сыбайлас жемқорлыққа сәйкес, лайықты адам, лайықты компания немесе лайықты мемлекет белгілі бір елмен қарым - қатынаста бола ма деп бағаланады. Сыбайлас жемқорлықтың үлкен кемшілігі, ол мемлекеттің экономикалық салаға зиян тигізіп, елдің және оның әрбір азаматының жалпы әл - ауқатын төмендетеді. Бұған қоса, мұның бәрі халықтың үкіметке сенімін жоғалтуына қауіп төндіреді. Пара - бұл тек ресми қылмыс ғана емес, сыбайлас жемқорлықтың типтік көрінісі болып табылатын ең тән, қауіпті және кең таралған құбылыс. Бұл қылмыстың мәні тек қана ақша емес, құнды қағаздар, басқа да мүліктер ғана емес, сондай - ақ әртүрлі жеңілдіктер болып табылады және негізінен, әрине, материалдық сипатта болады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу керек. Бұл туралы қарапайым азаматтарға түсінікті Қазақстан үкіметі мәлімдеді. Барлық құрылымдарда және үкімет барлық деңгейлерінде бірыңғай, күшті және дәйекті сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тек оң нәтиже бере алады. Ол мемлекетте

идеологиялық және жаппай саяси шараларды жүзеге асыру арқылы мемлекеттік билік органдарындағы көлеңкелі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимылдарды күшейтуден тұрады. Заң алдындағы жауапкершіліктің тең дәрежесін қамтамасыз ету маңызды. Адалдық, әділеттілік, берілген тапсырмаға бағыну, кез келген құқық бұзушылыққа қатысты ауытқушылық, проблемаларды шеше білу, адам құқықтарын қорғау, мемлекет пен қоғам мүдделері сияқты моральдық және психологиялық қасиеттерді қалыптастыруға ерекше назар аудару керек. Мемлекеттік құрылымдардың қандай әрекеттері жемқорлыққа жатады? Атап өтетін болсақ: - Басқа мемлекеттік органдар, мекемелердің жұмысына заңсыз жолмен араласу; - Қызметтік лауазымды пайдалана отырып, жеке басының не туыстарының материалдық қызығушылықтарын қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу; - Шешімді дайындау мен қабылдау барысында біреуге заңсыз жолмен басымдық беру; - Кәсіпкерлік қызметті не басқа табыс әкелетін саланы жүзеге асыруда заңда белгіленбеген кез келген әрекетпен көмек көрсету; - Заңда жариялауға рұқсат етілген деп бекітілген ақпаратты беруден бас тарту, оны кешіктіру, жалған не толық емес ақпарат беру, заңда жариялауға тиістігі бекітілмеген ақпаратты жеке және заңды тұлғалардан талап ету; - Жоғары тұрған ресми тұлғаларға қызметтік емес ілтипат көрсету не сый жасау (әдепті және қонақжайлылық бойынша жалпы қабылданған нормаларға сәйкес символикалық ықылас көрсету, символикалық кәдесыйлар тарту, сонымен қатар, ресми және хаттамалық шараларды өткізуді қоспағанда); - Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңдық мүдделерін қанағаттандыруға тосқауыл болу; - Мемлекеттік немесе осыған теңестірілген қызметі үшін жеке тұлғалар мен мекемелерден ақшалай, қызметтік және басқа формада сый алу. «Жемқорлыққа қарсы күрес жан - жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз» деп еді Елбасымыз. Сондықтан қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен көп болып күресуіміз қажет.

«Жемқорлықсыз болашақ». Бұл мәселе қазіргі жастардың күнделікті өмірімен тікелей байланысты болғандықтан, семинар студенттер арасында үлкен қызығушылық тудырды.

Арнайы қонақ - Шымкент қаласының адвокаттар алқасының мүшесі, тәжірибелі адвокат Көшербаева Гүлшат Нұрлыбекқызы студенттермен өз өмір жолын, адвокаттық қызметтің қоғамдағы орнын және кәсібіндегі жауапкершілікті терең толғай отырып, жастарға адал еңбек пен үздіксіз дамудың маңызын айрықша атап өтті.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қайқайсысын да қатты алаңдататыны анық. Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да деп басып «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту ететіндігі ғасыр қайраткері Төле би, Қазбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Қызмет құзыреті бойынша Тәртіптік кеңесі Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Ар-намыс кодексі талаптарының сақталуын қадағалап аталған заңнама мен кодекс талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіпті жауапкершілігін қарау белгіленген. Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басылымдарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы

тұруға болады. Ел болып еңсемізді көтергенімізге, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылғанымызға отыз жылдан асты. Өткенімізге көз салсақ, көреген саясаттың арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орынын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуға міндет етіп қойды. Сондықтанда сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Сондай-ақ факультеттің ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары, PhD Ибраев Жандос Габитович жастардың ізденісін қолдап, олардың еңбегіне жігер берді.

«Біздің тандауымыз жемқорлықсыз болашақ!» Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір - біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай - қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлық барлық мемлекеттер мен халықтарға тән және терең ғасырлық тамыры бар. Ең бастысы – адамдардың қоғамға деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні анық. Тарихы тереңнен бастау алған сыбайлас жемқорлық бүгінде бүкіл әлем қауымдастығына қауіп төндіріп отыр. Біздің Республикамызда да бұл мәселеге қарсы күрес шаралары тәуелсіздік алған сәттен бастап мемлекеттің бірінші кезектегі міндетіне айналды. Жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырғандығы шындық. Елдің ертеңі үшін, болашақ келер ұрпақ алдында еңсеміздің бек көтеріліп жүру үшін, жемқорлық індетімен белсене күресіп, түп-тамырымен жою қажет. Бұл індет -адамзат баласына жат қасиет. Кеңестік дәуірден бастау алған, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты, бармақ басты әдеті әлі болса қышаң беріп келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз. Мемлекеттік сатып алу, мемлекет қаржысын талаң – тараж етіп, ысырап қылу, жер телімін заңсыз беру, дүние мүлік, ақша капиталын салық декларациясын, яғни мемлекеттен жасырып қалу сияқты мемлекет қалтасына қауіп төндіретін жат қылықтар әлі де баршылық. Әрбір азамат өзінің конституциялық құқығын қорғауға міндетті. Сыбайлас жемқорлықпен күресу керек. Бұл туралы қарапайым азаматтарға түсінікті Қазақстан үкіметі мәлімдеді. Барлық құрылымдарда және үкімет барлық деңгейлерінде бірыңғай, күшті және дәйекті сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тек он нәтиже бере алады. Ол мемлекетте идеологиялық және жаппай саяси шараларды жүзеге асыру арқылы мемлекеттік билік органдарындағы көлеңкелі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимылдарды күшейтуден тұрады. Заң алдындағы жауапкершіліктің тең дәрежесін қамтамасыз ету Көптеген мемлекеттік қызметкерлердің білімі мен жалпы мәдениетіне, олардың бизнесі мен моральдық қасиеттеріне байланысты. Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде білім беру мекемелері кіреді. Адалдық, әділеттілік, берілген тапсырмаға бағыну, кез келген құқық бұзушылыққа қатысты ауытқушылық, проблемаларды шеше білу, адам құқықтарын қорғау, мемлекет пен қоғам мүдделері сияқты моральдық және психологиялық қасиеттерді қалыптастыруға ерекше назар аудару керек. Қандай да болмасын «қолы да жолы да ұзын» адамдар азаматтардың құқығын таптап, заңсыз әрекеттерге баратын болса, әділдікті орнатушы - құқық қорғау органдары. «Жемқорлыққа қарсы күрес жан - жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз» деп еді Елбасымыз. Сондықтан қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен көп болып күресуіміз қажет.

ШЕШІМ:

- Жастар арасында жемқорлыққа қарсы шараларды жалғастыру;
- Заңға қайшы, әділетсіз әрекеттерді болдырмаудың алдын алу;

- Адвокаттар мен құқық саласының тәжірибелі мамандарын жүйелі түрде шақырып, жастарға тағылымды кездесулер ұйымдастыру.





«Құқықтану» кафедрасының
аға оқытушысы, топ әдвайзері

ЗҚТ-411 тобының топ басшысы

М.С.Данишбаева

С.Шаяхмет